

Сабақтың тақырыбы:
КОРОНАВИРУС ДЕГЕН НЕ?

ТӘРБИЕ
САҒАТЫ
5 СЫНЫП

БҰЛ НЕТКЕН ВИРУС?

ҒАЛЫМДАР ОҒАН КОРОНАВИРУС ДЕГЕН АНЫҚТАМА БЕРІП ОТЫР. БҰЛ – ЛАТЫННЫҢ (ТӘЖ) НЕМЕСЕ HALOS (ШЕҢБЕР) ДЕГЕН СӨЗДЕРДЕН ПАЙДА БОЛҒАН АТАУ. ӨЙТКЕНІ, КОРОНАВИРУС МИКРОСКОПШЕН ҰАРАҒАНДА, ОСЫ ЕКЕУІНІҢ ҚОСЫНДЫСЫН ЕСКЕ ТҮСІРЕДІ. БҰЛ ВИРУСТАР ТОБЫНА АДАМҒА ЗИЯНЫН ТИГІЗЕТІН БІРНЕШЕ ТҮР КІРЕДІ. ОЛАРДЫҢ БІРІ ТҰМАУҒА ШАЛДЫҚТЫРСА, ӨЗГЕЛЕРІ ЖАРҚАНАТТАР МЕН ТҮЙЕЛЕРДЕН КЕЗДЕСІП, БҮГІНГІ ҒЫЛЫМДА SARS (АУЫР ӘЛІ ӨТКІР РЕСПИРАТОРЛЫҚ СИНДРОМ) ЖӘНЕ MERS (ТАЯУ ШЫҒЫС РЕСПИРАТОРЛЫҚ СИНДРОМ) ДЕГЕН АКРОНИММЕН БЕЛГІЛІ БОЛЫП ТҰР.

ОЛ ҚАЙДАН КЕЛДІ?

ЖҰМБАҚ ВИРУС ӨТКЕН АЙДА ҚЫТАЙДЫҢ ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ХУБЕЙ ПРОИНЦИЯСЫНДАҒЫ УХАНЬ ҚАЛАСЫНДА ПАЙДА БОЛДЫ. ОНЫ АЛҒАШҚЫ БОЛЫП ЖҰҚТЫРҒАНДАРДЫҢ КӨБІ ТЕҢІЗ ӨНІМДЕРІН САТАТЫН БАЗАРҒА БАРҒАН НЕМЕСЕ СОНДА ЖҰМЫС ІСТЕГЕН. БҰЛ САУДА ОРНЫ ДЕРЕУ ТЕРГЕУГЕ ЖАБЫЛДЫ. ҚЫТАЙДЫҢ МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫ ӘУЕЛДЕ КОРОНАВИРУСТЫҢ ЖАНУАРДАН – АДАМҒА БЕРІЛЕТІНІ ҒАНА МӘЛІМДЕСЕ, ҚАЗІР ОНЫҢ АДАМНАН – АДАМҒА ЖҰҒАТЫНЫН МОЙЫНДАУҒА МӘЖБҮР.

СИМПТОМДАРЫ ҚАНДАЙ?

БҰЛ ВИРУСҚА ТӘН СИМПТОМДАР – ТҰМАУРАТУ, БАС АУРУЫ, ЖӨТЕЛ ЖӘНЕ ДЕНЕНІҢ ҚАЛШЫЛДАУЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР, АҚШ-ТЫҢ АУРУЛАРДЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН-АЛУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МӘЛІМДЕУІНШЕ КОРОНАВИРУСТЫҢ ЕДӘІУР ҚАУІПТІ ТҮРІН ЖҰҚТАРҒАНДАР ДЕМІГЕДІ, ҚАЛТЫРАЙДЫ, АЛ АУРУЫ АСҚЫНҒАН ЖАҒДАЙДА ПАЦИЕНТТЕР ПНЕВНОМИЯКА ШАЛДЫҒУЫ МҮМКІН.

ОЛ ҚАЛАЙ ЕМДЕЛЕДІ:

ҚАЗІР ЖҰМБАҚ ВИРУСТЫ АНЫҚТАУ ЖОЛЫНДА СЫНАҚТАР ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР. АЛАЙДА БҰЛ ИНФЕКЦИЯҒА ТОСҚАУЫЛ ҚОЯТЫН ВАКЦИНА ӘЛІ ЖАСАЛҒАН ЖОҚ. ДЕМЕК, ЖЫЛЫНА ТАЛАЙ АДАМНЫҢ ӨЛІМІНЕ СЕБЕП БОЛАТЫН КӘДІМГІ ТЫМАУДАН ҚАТЕРЛІ БОЛУЫ МҮМКІН. СОНДЫҚТАН ҚАУІПТІ ДЕРТТІҢ КЕҢ ТАРАЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ МАҚСАТЫНДА КОРОНАВИРУСТЫ ЖҰҚТЫРҒАНДАР АУРУХАНАЛАР МЕН ҮЙЛЕРІНДЕ ОҚШАУЛАНАДЫ. АЛ, ОНЫҢ СИМПТОМДАРЫ АУРУДЫ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ЖӘНЕ ЛИХОРАДКАҒА ҚАРСЫ ДӘРІЛЕРМЕН ЕМДЕЛЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР НАУҚАСТАРҒА СУДЫ КӨП ІШІП, ЖАЗЫЛЫП КЕТКЕНШЕ ТЫНЫҒУҒА КЕҢЕС БЕРІЛІП ОТЫР.

КОРОНАВИРУС ҚАЛАЙ ЖҰҒАДЫ?

КОРОНАВИРУСТАРДЫҢ КӨБІ
ЖӨТЕЛГЕНДЕ, ТҮШКІРГЕНДЕ
НЕМЕСЕ ОСЫ ИНФЕКЦИЯҒА
ШАЛДЫҚҚАНДАРДЫ ҰСТАҒАНДА
ЖҰҒАДЫ. ҒАЛЫМДАРДЫҢ
СӨЗІНШЕ, ЖАҢА ВИРУС
АДАМНАНА АДАМҒА ЖАҚЫН
БАЙЛАНЫСТА БОЛҒАНДА, ТЫНЫС
АЛУ ЖОЛЫМЕН БЕРІЛЕДІ.